

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ - ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ –
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
САНИТАРНО – ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

080012, Тараз қаласы, Әйтеке би көшесі, 13
Тел.: 8(7262) 45-08-83, факс: 8(7262) 45-08-83

080012, город Тараз, ул. Айтеке би, 13
Тел.: 8(7262) 45-08-83, факс: (7262) 45-08-83

**Жамбыл облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
ҚАУЛЫ**

2020 жылғы " 5 " қараша

№ 40

Тараз қаласы

Мен, Жамбыл облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Алибаева Салтанат Кордабаевна, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 9, 36-баптары, 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, 2-тармағының 3) тармақшасы, 102, 104, 107-баптары негізінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 «Қазақстан Республикасы аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы және Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 62 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысына сәйкес, Жамбыл облысы тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның одан әрі таралуынан сақтандыру мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Жамбыл облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 39 «Жамбыл облысының аумағында карантиндік шектеу шаралары туралы» қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«22) 2020-2021 оқу жылының екінші тоқсанынан бастап: контингенті 300 оқушыға дейін, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін қалалық

және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға; ата-аналардың өтініші бойынша сыныптардың жинақталуын 15 баладан асырмай сақтай отырып, жалпы білім беретін мектептерде 1 сыныптан 5 сыныпқа дейін, халықаралық мектептерде 7 сыныпқа дейін кезекші сыныптарда оқытуға рұқсат беруді;»;

2) 1-тармақтың 43) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«43) театрлардың қызметіне рұқсат беруді (залды 50%-ға дейін толтырып, бірақ залда 100 адамнан асырмай, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын сақтай отырып);»;

3) 1-тармақтың 44) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«44) белгіленген талаптарды сақтай отырып, діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т.б.) қызметіне рұқсат беруді; залды 30%-ға дейін толтырып, бірақ 100 адамнан асырмай, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді, ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, діни объектілерде, жұма намазын қоспағанда, мешіттерде (*бес намаз*) ұжымдық құдайға құлшылық етуді жүргізуге рұқсат беруді;».

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Жамбыл облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



С. Алибаева